



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	-Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). -Оңға, солға еңкею, шалқаю. -Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. -Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.іліп алып, басқа орынға ауыстыру.
	Сөйлеуді дамыту	-Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. -Зат есімдерді жекеше және көпше түрде. - Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде. -Жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).
	Көркем әдебиет	-Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып.ү - Ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. -Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту. -Жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
	Қазақ тілі	Педагог жоспары бойынша
	Математика негіздері	-Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. - Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. - Сөйлеуде сын есімдерді қолданып. -Салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).

	Қоршаған ортамен таныстыру	-Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран және т.б.) кеңейту. -Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. - Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. -Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.
	Құрастыру	-Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, дпiрмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. -Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәnniң түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. -Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
	Сурет салу	-Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. -Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). -Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. -Пішінің ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.
	Мүсіндеу	-Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: -Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу; -Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.

		-Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
	Жапсыру	-Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. -Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. -Үсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу. -Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
	Музыка	-Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету. -Музыканың кіріспесін ажырату, -Кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. -Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.